



Курчатов қаласының аумағында 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 627 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Курчатов қаласындағы Әділет басқармасында 2011 жылғы 19 сәуірде N 5-3-104 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы N 1002 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласы әкімдігінің 2012.03.30 N 1002 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 08 шілдедегі № 74 Заңының 19-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-II Заңының 31-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшелерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 03 наурыздағы № 1163 Жарлығына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшелерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 03 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 қаулысына сәйкес, 2011 жылдың көктемі мен күзінде азаматтарды мерзімді әскери қызметке уақтылы және сапалы түрде шақыруды қамтамасыз ету мақсатында Курчатов қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2011 жылдың

сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру ө т к і з і л с і н .

2. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес шақыру комиссия құрылсын.

3. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі б е к і т і л с і н .

4. Курчатов қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығына (Н. А. Рахимов, келісім бойынша) ұсынылсын:

- 1) шақыру пунктін жұмыс жүргізуге дайындау;
- 2) дәрігер-мамандармен және шақыру пунктінің әкімшілігімен әдістемелік-нұсқаулық сабақтар жүргізу;
- 3) шақыруды өткізу үшін қажетті құжаттарды әзірлеу.

5. «Курчатов қаласының қалалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бас дәрігеріне (А. Д. Сұлтанов, келісім бойынша) ұ с ы н ы л с ы н :

- 1) шақырушылардың талдауларының зертханалық, кеуде органдарының флюорографиялық зерттелуін ұйымдастыру;
- 2) шақырушыларды медициналық тексеруден өткізу үшін емдеу мекемесін қажетті орындар санымен қамтамасыз ету;
- 3) шақырушыларды медициналық тексеруден өткізу үшін қаланың қорғаныс істері жөніндегі бөліміне дәрігерлер мен орта медицина персоналдарының қажет с а н ы н б ө л у ;
- 4) шақырушылардың уақтылы және сапалы түрде медициналық тексерілуі мен емделуін бақылауға алу .

6. Курчатов қалалық полиция бөлімінің бастығына (Е. Ж. Тюлежанов, келісім бойынша) ұ с ы н ы л с ы н :

- 1) шақырылушыларды әскерге аттандыру және қалалық шақыру комиссиясының жұмысы кезеңінде шақыру пунктінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету ;
- 2) қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің ескеруімен мерзімді әскери қызметке шақырылудан бас тартып жүрген азаматтарды іздестіру мен оларды қорғаныс істері жөніндегі бөлімге жеткізуге жәрдемдесу .

7. Қаланың кәсіпорындары мен ұйымдарының басшыларына (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына шақырылған азаматтарды салтанатты түрде аттандыру ұсынылсын.

8. Курчатов қаласының қаржы бөлімі (Уағызов А.У.) қаланың 2011 жылға

арналған бюджетімен белгіленген қаражаттар шегінде шақыруды қаржыландырсын.

9. «Курчатов қаласының аумағында 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды өткізу туралы» Курчатов қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 20 сәуірдегі № 330 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылдың 11 мамырдағы 5-3-90 нөмірімен тіркелген, «7 дней» газетінде 2010 жылдың 20 мамырдағы 20(770) нөмірінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

10. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Курчатов қаласы әкімінің орынбасары Е.В. Старенковаға жүктелсін.

11. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Курчатов қаласының әкімі

А. ГЕНРИХ

КЕЛІСІЛДІ:

Курчатов қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы Н. РАХИМОВ

Курчатов қаласының полиция бөлімінің бастығы Ж. ТЮЛЕЖАНОВ

«Курчатов қаласының қалалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын бас дәрігері А. СҰЛТАНОВ

Курчатов қаласы әкімдігінің
2011 жылғы 31 наурыздағы

№ 627 қаулысына 1-қосымша

Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру үшін шақыру комиссиясының құрамы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының әкімдігінің 2011.09.29 N 806 (жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

--	--

Комиссия төрағасы:	Рахимов Наиль Амирұлы – Курчатов қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы (келісім бойынша)
Төрағаның орынбасары:	Старенкова Елена Васильевна – Курчатов қаласының әкім орынбасары
Комиссия мүшелері:	Тәшімбетов Жүсіп Мейірбекұлы – Курчатов қаласы полиция бөлімі бастығының орынбасары (келісім бойынша) Байзақова Гүлнар Серікқызы – «Курчатов қаласының қалалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның дәрігер – терапевті (келісім бойынша)
Комиссия хатшысы:	Маралова Қарлығаш Амангелдіқызы – «Курчатов қаласының қалалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның мейірбикесі (келісім бойынша)

Курчатов қаласы әкімдігінің
2011 жылғы 31 наурыздағы
№ 627 қаулысына 2-қосымша

Шақыруды кейінге қалдыруға немесе швқырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру кестесі

№ р/с	Жасөспірімдер санаты	Барлығы	Жасөспірімдердің саны	
			К ө к т е м (сәуір-маусым)	К ү з (қазан-желтоқсан)
1	Жұмыс істейтіндер	110	60	50
2	Жұмыс істемейтіндер	70	40	30
3	Барлығы:	180	100	80